

Жұмыр эсерді қызыл қанға боктіріп, адамзатқа қайғы мен қасірет жұтқызыған сұрапыл соғыс 1945 жылдың 9 мамырында жеңіспен аяқталды. Жеңімпаз солдаттар отбасы, ошақ қасына оралып жатты. Баянауланың боктеріндегі Бірлік ауылын қоныстанған Макраевтар әулеті де бітіспес дұшпанымен қан майданда арыстандай арпалысқан үш ұлдың екеуін күтіп алып, көзайым болды. Қабылда Ленинград құрсауында ерлікпен шайқасса, Қошан Берлинде ту тігіп қайтты. Сұм соғыстың кесірінен талай шаңырақтың түтіні ошип, келін жесір, бала жетім қалып, елдің жүрегі жаралы, көңілі қаралы болып, көзінен жасы сорғалап отырғанда Макраевтар жаратқан иесіне тәубесін айтып, бұған да шүжіршілік дескен.

Ерлікке тағзым

Уақыт-емші. Жылдар жылжып, бейбіт өмір арнасына түсіп, ел енесін басқан қасіретінен айыға бастады. Майданнан оралған жауынгерлер отау құрып, бала сүйіп, ел ішінде қуаныш көбейді. Осыны көргенде ана соғыстан қайтпай қалған сүткенжесін ойлап қамығатын. «Майқайыналтын» кенішінде өрт сөндіру қызметінің бастығы болған Сағат 1939 жылы әскерге алынған еді. Тағдыр-талайы солай шығар, әскери міндетін шекарадағы Брест қамалында өтеп жүрген ол ел шетіне жау тигенде кеудесін оққа төсеп, сүйем жер үшін жан алысып, жан беріскен шайқастарға кірді. Перішгесі қағып шекарадағы қанды қасаптан тірі шыққан Сағаттан 1943 жылдың жазына дейін үйіне хат-хабар келіп тұрды да, соңынан кілт үзілді. Енді, міне, соғыс біткелі қаншама жыл өтсе де, не өлілердің, не тірілердің санағында жоқ. Шерменде ана:

- «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деуші еді. Опат болмаса, ендігі оралар еді ғой. Қыршынынан қиылып, жанбай жатып, өшкен құлыным-ай. Сүйегінің қайда қурап қалғанын біле алмай зар болдым-ау. Ағайын-туғанынан қабіріне бір уыс топырақ та бұйырмады, - деп,

Сағатын ауызынан тастамай көз жұмды. Сөйткен Сағаттың бір дерегі тек 1997 жылы білінді. Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың есімдерін мәңгілік есте қалдыру мақсатымен шығарылған «Боздақтар» кітабында сержант Сағат Макраевтың 1943 жылы ерлікпен қаза болып, Украинада жерленгені туралы жазылыпты. Бұл кезде Макраевтар әулетінің үлкендері дүниеден көшіп, үрім-бұтақтың тізгіні кешегі майдангер Қабылданың баласы Құдайберген ағаға көшкен болатын. Соғыста ха бар-ошарсыз кетті деп жүрген әкесінің інісі Сағат туралы тың дерек оны қатты тол-

қытты. Сол толқудың үстінде әкесінің «Сағатыма туған-туыстарынан топырақ та бұйырмады- ау» деп ақтық сапарына шерменде болып аттанғаны есіне түсті. «Ата-әжем, әкем тірі болса, жағ жерде көз жұмған арысының қабіріне барып, тәу етіп қайтуға харекет жасаушы еді. Солардың да, бауырымының да аруағы разы болсын. Нартәуекел, жолға шығайын»- деп ұйғарған Құдайбергеннің бұл ойын бәйбішесі Төлеу де құптады. Осыдан кейін Құдайберген аға Екібастұз қалалық әскери комиссариатына барып өз ойымен бөлісті. Украинадағы әріптестерімен хабарласқан мұндағы әскерилер Сағат Макраевтың Сульск облысының Ахтырк ауданының Высокое селосындағы бауырластар бейітінде жерленгендігінің анық-қанығына жетіп қана қоймай, жол қаражатын қамдауына көлшім берді. Әскери комиссардың өтінішімен «БАК» ЖШС-і Құдайберген Қабылдаулына 20 мың теңге ақшамен қарасты. Осы ақшаға үш айдың зейнетақысынан жиган-терген қаражаттарын қосқан Құдайберген аға мен Төлеу апа сол жылдың күзінде ескі «Жигулимен» алыс сапарға аттанды. Жолға



шығардың алдында Бірлік ауылына барып, аруақтарға дұға бағыштатып, бір қапқа туған жердің топырағын салып алған болатын. Ит арқасы қиянда Ахтырскіге жеткенше Құдайберген аға талай михнағты көрді.

-Хадисте «Адамның жақсысы-өзгелерге пайдасы тиетіні» деп жазылған. Жол үстінде шаршап-шалдыққанда, қысылғанда жақсылық

ты осындай адамдардан көрдім,- дейді Құдайберген аға сол сапарын есіне алғанда.- Ақмола облысындағы аудан орталығы Ақсу қалашығына түс әлпетінде жеттік. Қорасының төбесінде тұрған жамбыс адамды көріп: «Жолаушы едік. Үйіңізге түсіп, намаз оқып алуға рұқсат па?» дедім. Бейтаныс кісі «Әрине, әрине. Құдайы қонақтан қашпаймыз» деп жайдарылық танытты. Ал жол сапарымыздың жөн-жосығын айтқанымда, үй иесі Темірбай тіпті қалбалақтап, ақыл-кеңесін беріп, қайтар жолда қонақ болуымызды өтінді. Туысымының аруағы алдындағы парымызды өтеп, көңілім жайланып елге қайтқанымда Темірбайдың үйінен ата салтымен бір қойдың басын мүжідім. «Сыйға-сый, сыраға-бал» деген. 2000 жылы сол Темірбайдың үйіне арнайы барып, қажылық сапарымда Меккеден әкелген зәм-зәм суынан дәм татырдым. Мұны егжей-тегжейлі баяндап отырғаным, бұрынғылардың «адамның адамсыз күні жоқ» дегені имандай ақиқат.

Бауырымының басына барған сапарымда бұған мейізім көзім анық жетті. Сол себепті кейінгілерге айтарым, жағқа да мейірімді бол, жағбауырлық танытпа. ...Құдайберген аға мен Төлеу апа Башқұртстанның астанасы Уфа қаласына жеткенде көліктері сынып, қиындыққа тап болады. Сонда да мойымаған олар осы қаладағы мұсылманнар мешітіне барып, намазға жығылып, «жолымызды оңғара гор» деп жаратқан иемізге жалбарынады. Осыдан кейін бәйбішесі Төлеуді Уфада қалдырады да, Құдайберген аға пойызға мініп, сапарын жалғыз жалғастырады. Ақыры алты мың шақырым жолды артта қалдырып дінтеген жеріне жетеді. Ахтырк

қалашығының әскери комиссары Құдайберген ағаны меймандостықпен қарсы алып, сол күні Высокое селолық кеңесінің төрағасы М.Гроценконы шақыртып алып, жандарына екі майорды қосып беріп, Высокое селосындағы бауырластар бейітіне аттандырады. Мұнда да ел-жұрт күтініп отыр екен. Украиндықтар соғыс тауқыметін тартқан халық қой. Сұрапыл соғысқа қатысты жәдігерлерді айрықша қастерлейді екен. Высокое селосы үшін болған ұрыстарда ерлікпен қаза болған кеңес жауынгерлерінің сүйектерін жинап алып, бауырластар зиратына арулап жерлепті. Сол жерге 1975 жылы жауынгерлердің ағы-жөндері жазылған ескерткіш тақта орнағып, айналасын гүлзарға айналдырыпты. Құдайберген аға ескерткіш тақталдан әкесінің інісі Сағаттың ағы-жөнін оқып, тағзым етіп, туған жерінен алып келген қасиетті топырақты сол тұсқа төгеді. Сол күні селолықтар дайындаған қонақнасынан дәм татып, бірсыпыра әңгімеге қанығады.

... Зеңбірекші Сағат Макраев қызмет еткен №264 артиллерия полкі Высокое селосы түбіндегі төбені 1943 жылдың 7 тамызынан 19 тамызына дейін қорғайды. Екі аптаға жуық созылған осы қиян-кескі шайқастарда жүзлеген боздақ опат болады. Солардың бірі- Сағат Макраев еді. Әйгілі Курск иіні де осы Высокое селосынан 10-ақ шақырым қашық-



тықта екен. Селолық кеңестің төрағасы М.Гроценко Құдайберген ағаны келігімен сол ұрыс даласын аралағанды, мәңгілік алауға гүл шоқтарын қояды. - Туыстық парымызды өтеп кері қайтқанда бейнет көрген жоқпын. Уфаға пойызбен жеткеннен кейін келігімді жөндеп алып бәйбішем екеуміз елге жеттік. Биыл, міне, Жеңіске 60 жыл толғалы отыр. Әрбір адам, әсіресе жас ұрпақ Жеңісті қадірлей білгені абзал. Отан үшін от кешкен жауынгерлердің ерлігі ұмытылмай, жалымызда мәңгі сақталсын,- дейді туысының қабірін іздеп барған сол бір сапары туралы әңгімені түйіндей келе Құдайберген қажы Қабылдаулы.

